

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы  
интернаты КММ ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ ОТЫРЫСЫНЫҢ

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 28.08.2023ж.

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директорының м.а – А.Мусина
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Д.Түякбай
3. Қамқоршылық кеңес төрайымы – С.Нұржанова
4. Ата-ана – А. Жүнісбекова
5. Әлеуметтік педагог - Калиева Ж.
6. Медбике – Татикова Г.

Барлығы: 6 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Толық емес, көп балалы аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

**Тыңдалды:**

1. **Әлеуметтік педагог –Калиева Ж. Толық емес, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.**

Жаңа оқу жылында мектебімізді 111 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын, «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты КММ» мекемесінің 2022 жылғы 28 тамыздағы №36 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектепішілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 132-ні құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 111 болса, 5-9 сынып оқушыларының саны 18 болса, 10-11 сынып оқушыларының саны 3 оқушыны құрайды.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі:

## 2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 1 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

I ауысым

1-4-5-7-8-9-10-11 сынып оқушылары үшін – 09:50-10.35,10.40-11.25

II ауысым

2-3- сынып оқушылары үшін – 14:50-15.35,16.40-17.25

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

### Шешімі:

1. Ата-аналардан келіп түскен өтініш негізінде жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.

2. 2023-2024 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылсын.

Қатысушылар:

Мектеп директорының м.а :


Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары :

Қамқоршылық кеңес төрайымы :

Әлеуметтік педагогы :

Ата-ана :

Медбике:



А. Мусина



Д.Түякбай



С.Нұржанова



Калиева Ж.



А. Жүнісбекова



Татикова Г.